

Ақтөбе қаласы №49 ЖОББМ КММ – нің 2023-2024 оқу жылы бойынша
Қамқоршылық Кеңесінің мектеп әкімшілігімен бірлескен отырысының

Хаттамасы

27.09.2024жыл.

Отырысты өткізу нысаны: III квартал

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындық.
Мектеп директоры А.А.Абжанованың есебі.
2. “Мектепке жол” акциясы.
Әлеуметтік педагог Г.Б.Ибрашеваның есебі.
3. 2024 – 2025 оқу жылында оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы.
Мектеп кітапханашысы Л.Т.Нурбалиеваның есебі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры
А.А.Абжанова сөйледі:

Тыңдалды:

№49 жалпы орта білім беретін мектеп ғимаратына және спорт залға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектепті жылыту маусымына дайындау мақсатында, тозығы жеткен жылыту қазандығы ауыстырылды. Жаңа оқу жылына мектеп ғимараты дайын.

№49 мектепке жапсарлас 250 орындық қосымша ғимарат құрылысы да пайдалануға беріледі. Құрылыс жұмыстары 2 - ші тоқсанда аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде. Мұнда жаңа модефикациялық кабинеттер оқу құралдарымен қарастырылған. Биология, химия, информатика, физика мультимедиялық кабинеттер тағайындалған. Ер балаларға және қыз балаларға арналған шеберханалар және алғашқы әскери дайындық кабинеттерімен қамтылған.

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы биыл «Балаларға бірге көмек берейік!» атты айдармен өткізілуде. Акция еліміздің барлық өңірлерінде ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында өтеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог
Г.Б.Ибрашева сөйледі:

Тыңдалды:

2024-2025 оқу жылы Монетизация

2024-2025 оқу жылында мектебіміздің 113 оқушысына бір реттік төлем, бір оқушыға 40,407 тенге, оның ішінде 13 оқушы Атаулы әлеуметтік көмек, 2 оқушы толық жетім, 25 оқушы аз қамтылған отбасынан, 73 оқушы қамқоршылық кеңес шешімі бойынша бір реттік төлем, қаржылай көмек ата-аналарының жеке есеп шотына аударылды.

2024-2025 оқу жылында “Мектепке жол” акциясы ұйымдастырылды. А.О “Халық банк” мектеп табалдырығын аттаған 1 сыныптың 8 оқушысына мектеп оқу-құралдарымен жабдықталған мектеп сөмкесін сыйға тартты. Жеке кәсіпкер 25 аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға іші оқу құралдарымен толықтырылған мектеп сөмкесін сыйға берді. Жеке кәсіпкер 4 оқушыға мектеп формасын табыстады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы
Л.Т.Нурбадиева сөйледі:

Тыңдалды:

2024 – 2025 оқу жылында 926 оқушы білім алады деп жоспарлануда. Білімалушылардың барлығы оқулықпен қамтылды.

Мектепке жаңа оқу жылына қосымша 1634 дана жаңа оқулықтар мен оқыту әдістемесі берілді.

Қамқоршылық кеңесінің кеңес мүшелерімен және мектеп әкімшілігімен кеңейтілген отырысы аяқтала келе төмендегідей қаулы етеді:

1. Мектеп директорының анықтамасы есепке алынсын.
2. Әлеуметтік педагог және мектеп кітапханашысының жұмысы жалғасын тапсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

А.А.Қожайұлы.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:

Б.Н.Оразымбетова.